

Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 15 қазандағы N 1034 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қосымша сәйкес Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 1 5 қ а з а н д а ғ ы

N 1034 қаулысына қосымша

Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы Инженерлік академиясының мәселелері" туралы Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 13 тамыздағы N 475 қаулысы.

2. "Қазақстан Республикасының Инженерлік академиясы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 22 қаңтардағы N 56 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1992 ж., N 3, 44-құжат).

3. "Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды, ғылыми-техникалық бағдарламаларды қаржыландыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 21 қыркүйектегі N 780 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1992 ж., N 36, 549-құжат).

4. "Қазақстан Республикасында ғылымды және ғылыми-техникалық бағдарламаларды жоспарлау мен қаржыландыруды жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 22 қаңтардағы N 61 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 2, 28-құжат).